**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қазан айы 2024 жыл 5 апта**

**Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы**
**Топ: №6 «Жасұлан» мектепалды тобы**
**Балалардың жасы: 5 -жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі : 28.10-01.11.2024жыл**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 28.10.2024ж | Сейсенбі 29.10.2024ж | Сәрсенбі 30.10.2024ж | Бейсенбі 31.10.2024ж | Жұма 01.11.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтерінкі көңіл-күй, әсем әуенмен карсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. | Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, демалыс күндері қалай өткені туралы жеке пікірін білдіруге тарту | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу .Күй қосу<br>**Күй күмбірі** | Балалық шақ күйімен карс ы алу | Балаларды көтерінкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Балалармен әңгімелесу, демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендерін сұрау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйретуді жалғастыру. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы** | «Аңдар кысқа қалай дайындалады?»<br>Міндеті: Жануарлардың қысқа қалай дайындалатын-ын әңгімелеу.<br>Қоршаған ортамен танысу<br><br>Қарым- катынас | «Айырмашылығын тап»<br>Міндеті: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге.<br>Қазақ тілі | «Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру»<br>Балаларға ұзындық туралы түсінік беру.<br>Салыстыруға үйрету.<br>Суреттегі заттарды | «Кеңістік»<br>Міндеті: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.<br>Математика негіздері | «Саңырауқұлақтар»<br>Міндеті: Балаларға саңырауқұлақтар туралы түсінік беру.<br>Міндеті:<br>Саңырауқұлақтарды мүсіндеуге үйрету.<br>Саусақ моторикасын |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| басқа әрекеттер) | іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | | санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет | Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет | дамыту. Мүсіндеу Қазақ тілі |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгі жаттығулар кешені№4 (құралмен)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті**) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-л дыбыстарды дұрыс,анық айтуды үйрету. **Сөйлеуді дамыту** | Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып,эмоция-мен,қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкер-лерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу **Көркем әдебиет** | Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушы-лыққа баулу.Сөздерді дыбыстық талдау:сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды үйрету **Сауат ашу** | Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату дағдысын дамыту **Математика негіздері** | Геометриялық фигуралардың,көкөністер ,жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру,бояуды жетілдіру **Сауат ашу** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:**Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің | **Көркем әдебиет** **Тақырып:** Мақта қыз бен мысық (қазақ халық ертегісі) Ертегі мазмұнын | **Математика негіздері** **Тақырып:** Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру | **Қазақ тілі** **Тақырып:** Мен және менің достарым Қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және | **Математика негіздері** **Тақырып:** Дөңгелек. Шаршы.Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту.<br>3. Балаларды еңбексүйгіш-тікке, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:** Үнді дауыссыз дыбыстар<br>Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету.Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Командалық эстафеталар (таза ауада)<br>Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеу.<br>**Шығармашылық:** | эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Адал дос болуға тәрбиелеу<br>**Сауат ашу**<br>**Тақырып:** Үнді дауыссыз дыбыстар<br>Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету.Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Ерекше сабақтар.<br>Коммуникативті құзыреттіліктерін, ептілік және шапшаңдықтарын дамыту.Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, | Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:** Үнді дауыссыз дыбыстар<br>Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету.Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Акробат болғым келеді.<br>Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын | оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** Әдептілік әлемі<br>(өлең оқу)<br>Е.Өтетілеуұлы<br>Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қаты-насын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сю-жеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу<br>**Математика негіздері** | **Қазақ тілі**<br>**Тақырып:** Мамандықтың бәрі жақсы<br>Мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:** Тұқымнан не өсіп шығады<br>Балалардың өсімдіктер-дің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезең-дері туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту. Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге үйрету<br>**Музыка** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Вариативтік бөлім (балалардың қызығушылы-ғына арналған ұйымдастырыл-ған іс-әрекет)**<br>**Сағат 16:00** | **«Құрастыру»**<br>**Тақырып:** Көңілді автобус<br>Қатырғықағазды ортасынан қос бүктеу тәсілі арқылы автобусты құрастыруға үйрету; автобустың ұсақ бөлшектерін үлгіге сәйкес қиып дайындау, сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту; құрылымдық шешімдер таба білуге, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | жинақылық секілді дене сапаларын дамыту.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:** Терезе алдында не өсіп тұр?<br>Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру.<br>ә) Тәжірибелік-тәжірибе-алдық жұмыстарга деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.<br>б) Зерттеушілік мінез-құлық пен жаңаны танысам деген құлшы-нысын дамыту.<br><br>**Вариативттік бөлім «Ребусты шешіп үйренеміз»** Балалардың ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ребустар мен крассворд-тардың жауаптарын дұрыс таба білуге үйрету. | дамыту.Салауатты өмір сүруге баулу.Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен карауға дағд/дыру<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырып:** Күзгі жапырақтар.<br>Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу | **Тақырып:** Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру<br>Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныс-тыру; шартты өлшем-нің көмегімен заттар-дың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзын-дықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынас-тарды орнату. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>**Тақырып:** Біздің рәміздер<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамика-сын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен | **Тақырып:** Біздің рәміздер<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Еліміздің рәміздерін кастерлей, бағалай білуге тәрбиелеу |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | | | | таныстыру. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Еліміздің рәміздерін кастерлей, бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Вариативтік бөлім «Математикалық сөзжұмбақтар»**<br>Балалардың ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ребустар мен крассвордтардың жауаптарын дұрыс таба білуге үйрету. | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№40**<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.<br>Еңбек: Балабақша ауласындағы ілулі тұрған жемсалғышқа құстарға жем салу, оларды қоректендіру.<br>Балалармен жеке жұмыс: «Бозторғай» тақпағын жаттау (С.Сейфуллин)<br>Міне торғай,<br>Үйін қорғай<br>Жер бауырлап зырлайды<br>Шырқап биік,<br>Күнге күйіп<br>Қалмай, сайрап жырлайды. | **Картотека№41**<br>Бақылау: «Тұманды бақылау»<br>Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атату. Соның ішінде бүгінгі ауа райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру.<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.<br>Балалармен жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату.<br>Қимылды ойындар: «Кетіп | **Картотека № 42**<br>Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен»<br>Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп бақылау, әңгімелеу. Көңіл бөлдіріп бақылау, әңгімелеу.<br>Еңбек: Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. | **Картотека № 43**<br>Бақылау: «Қайтқан құстарды бақылау»<br>Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту.<br>Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасау.<br>Балалармен жеке жұмыс: Құстар туралы жұмбақтар жасыру<br>5.Құйқылжытып дала | **Картотека № 44**<br>Бақылау: «Күзгі желдің бағытын бақылау»<br>Мақсаты: балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру.<br>Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату.<br>Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойындар: «Қаздар, қаздар» Бақылау: Балабақша ауласындағы құстарды бақылау. Мақсаты: Құстар туралы әңгімелеу, олардың аттарын аттату және қимыл – қозғалыстарын салып жүру, дауыстарын тыңдау. | қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» Мақсаты: Рөлдерде ойнай білуге үйрету. Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастыру. | Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ жаттату. «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шаргытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Аққу – каздар» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. | күйін, Үй ішіне салады үйін (Қарлығаш) о.Күндіз соқыр не деген? Түнде қандай көреген (Үкі) 7Еркін самғап ұшсын,- деп Мәпелейміз, баптаймыз Бейбітшілік құсы, - деп Қайсы құсты мақтаймыз? (Көгершін) 8.Қыстағы ақ мамыққа, Жалғау жалға, жалықпа Сонда құс боп шығады Кәне, қай құс анықта (Қарға) Қимылды ойындар: «Қайтқан құстар», «Құстар мен мысық» Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдылан-дыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдер-ін дамыту. Шапшаң-дыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. | байланысты көркем сөз жаттату. Кейде сипап өтер Кейде ұйпап кетер Көк майса көрікті Алқаптағы көк егін Бұл күндері киіпті Сары жібек көйлегін Жел тынымсыз гуілдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек Жапырағын жұлғызып. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Қимылды ойындар: «Жел көбік», «Кім жылдам?» Мақсаты: Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Түскі  ас алдында гигеналық шараларды  орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу,  қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және  жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет е** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа  толтырып сөйлемеу.<br>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, мысық пен күшіктің мүсінін жасау, суретін салу, қағаздан қиып алып жапсыру немесе өзбетінше әр түрлі заттарды пайдаланып ойданқұрастыруға баулу<br>**(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Кітаптарды  қарау, мысық пен күшік туралы әңгімелесу.Ертегіні | Жидектердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізуін ұйымдастыру. **(зерттеу іс-әрекеті)**<br>Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық ұжымдық жұмыстар жүргізуге баулу. **(Шығармашылық іс-әрекет),** | Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша жаттау.<br>**Төрт-түлік**<br>Түйе – малдың үлкені,<br>Жылқы – малдың үркегі.<br>Сиыр – малдың сүттісі,<br>Қой–түліктіңқұттысы.<br>*С.Қасиманов*<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Төрт түлік малдың қалауы бойынша суретін салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыру.<br>**(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)** | Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру.<br>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. | Мұражайға барғанда алған әсерлері бойынша, көрген немесе ұнатқан бейнесін салуына жағдай жасау.<br>**(Бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Мұражай атты компазиция жасауды басқару.<br>**(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сахналауға мүмкіндік беру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | Өз өзіне көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстарын орындату. **(еңбек іс-әрекеті)** | **(бейнелеу іс-әрекеті)** Ертегілерді үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балаларға ою-өрнектерінің түрлерін таныстыру | Балаларға құстарды ажыратуға, пайдасы туралы айтуға, қамқорлық жасауға баулу | Балаларға салыстыру тәсілдерін қолдануға үйрету | Балаларға әңгімелесу-шіні мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйрету | Балаларға заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыра алуына көмектесу |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Мысық пен күшік неден қорқады? Олар нені жақсы көреді? Балалардың жауабын талқылау. Топтан алып шыққан коректерді мысық пен күшікке беру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Мысық пен күшік туралы білетін көңілді әндерді тыңдап, еркін би | Балабақша аумағында шашылып жатқан ағаш бұталарын жинату. **(еңбек іс-әрекеті)** Қимылды ойын **Ақсерек-көксерек.** | «Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Төрт түлікті лего құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өзбетінше ойдан | Қимылды ойын «Қу түлкі» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Бақша ауласында түскен бұталарды жинату. **(танымдық, еңбек іс-әрекет)** | Қимылды ойын «Қармақ» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Қимылдыойын **Сақина жасыру** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | қимылдарын жасату.<br>**(Музыка)**<br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар»<br>Еркін ойындар | | құрастыруға баулу<br>**(танымдық іс-әрекеті)**<br>Қимылды ойын<br>**Қыз –қуу** | Қимылды ойын<br>**Түйілген орамал.** | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Шапағаттың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» |

**«Тексерілді»**
**№15 «Әлия» бөбекжайы**
**МКҚК әдіскері**
**______ У.Г.Нурмухамметова**
**«24» 10 2024ж**

Scanned with CamScanner